

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар Кеңесі
БЕКІТКЕН
2026 жылғы 01 маусымдағы
№ 19/26 хаттама

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
ЖҮКТЕРДІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ., 2026 ж.

МАЗМҰНЫ:

1. Жалпы ережелер
2. Сақтандыру объектісі
3. Сақтандыру жағдайы
4. Сақтандыруға жатпайтын жағдайлар және сақтандыруды шектеу. Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері
5. Сақтандыру сомасы. Франшиза
6. Сақтандыру сыйлықақысы. Төлеу тәртібі мен мерзімі
7. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
8. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі мен орны
9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
10. Сақтандыру шарты әрекет еткен кезде сақтандыру тәуекелі артуының салдары
11. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі әрекеттер
12. Сақтандыру төлемін жасау туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттар
13. Сақтандыру төлемін жасау тәртібі мен ережелері
14. Шығындардың мөлшерін анықтау
15. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарауы
16. Қосарлы сақтандыру
17. Суброгация
18. Тараптардың жауапкершілігі
19. Сақтандыру шартындағы өзгерістер мен толықтырулар
20. Сақтандыру шартын тоқтату ережелері
21. Дауларды шешу тәртібі
22. Қосымша ережелер

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы «BASEL» Сақтандыру компаниясы АҚ Жүктерді сақтандыру ережелері (бұдан әрі – «Ережелер») Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-І Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126-ІІ Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес дайындалды.
- 1.2. «BASEL» Сақтандыру компаниясы АҚ Ережелердің шарттарында мүліктің сақталуына мүдделі, соның ішінде жүк жөнелтуші, жүк алушы, тасымалдаушы, кемеден жүк тасымалдаушы, экспедиторлар болып табылатын заңды (меншік түріне қарамастан) немесе жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі – «Сақтанушы») жүктерді ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі – «Сақтандыру шарты») жасасу жолымен ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.
- 1.3. Ережелерде келесі түсініктер қолданылады:
 - 1) **абандон** – Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының сақтандырылған жүктің толық жойылу мөлшерінде сақтандыру төлемін жасау туралы талап қою мақсатында Сақтандырушының пайдасына жоғалған немесе бүлінген жүкке меншік құқығынан ерікті түрде жазбаша бас тартуы.
 - 2) **Пайда алушы** – Сақтандыру шартында сақтандыру төлемін алушы ретінде көрсетілген тұлға;
 - 3) **жүк жөнелтуші** – тасымалдаушымен жүк тасымалдау шартын жасасқан тұлға. Өртүрлі көлік түрлерін пайдалана отырып жүктерді тасымалдау кезінде (аралас тасымалдар), бірінші тасымалдаушымен тасымалдау шартын жасасқан тұлға жүк жөнелтуші болып табылады, егер жүкті сақтандыруға арналған өтініште өзге жаңдай көрсетілмесе;
 - 4) **жүк алушы** – тасымалдау шарты негізінде немесе өзге де заңды негізде жүкті алуға уәкілетті тұлға;
 - 5) **Сақтандырылушы** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Сақтандырылушы ретінде тағайындалатын тұлғаның жүкке қатысты оның иеленуіне, пайдаланылуына және билік етуіне байланысты мүліктік мүддесі болуы тиіс;
 - 6) **тасымалдаушы** – көлік құралын меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иеленетін, жолаушыларды, багажды, жүктер мен пошта жөнелтілімдерін ақы төлеп немесе жалдау бойынша тасымалдау жөнінде қызмет көрсететін және бұған белгіленген тәртіппен берілген тиісті рұқсаты бар жеке немесе заңды тұлға;
 - 7) **Сақтандырушы** – «BASEL» сақтандыру компаниясы АҚ»;
 - 8) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен жүктерді Сақтандыру шартын жасасқан тұлға.
 - 9) **Экспедитор** – сыйақы және басқа тараптың (жүкті жөнелтуші, жүкті алушы клиент немесе экспедитордың қызметтеріне мүдделі өзге тұлға) есебінен, экспедиция шартымен белгіленген, жүктерді тасымалдауға байланысты қызметтерді орындауға немесе ұйымдастыруға, оның ішінде клиенттің атынан немесе өз атынан жүк тасымалы шартын (шарттарын) жасасуға міндетті жеке немесе заңды тұлға;
 - 10) **авария** – көлік құралының жүгі бар және оның қатысуымен жүру процесінде туындаған, көлік құралының конструктивтік бұзылуына, жүктің толық немесе ішінара жойылуына немесе оның зақымдалуына әкеп соққан оқиға;
 - 11) **багаж** – тиісті көлік түрінің жолаушылар мен багажды тасымалдау ережелерінде белгіленген нормалар аясында көлік құралының багаж бөлімшесінде буып-түйілген және тасымалданатын жолаушы мүлкі;
 - 12) **вандализм** – жүкті қасақана бүлдіру;

- 13) **жарылыс** – құрбандарға, қирауға, апаттарға, техногендік аварияларға, сондай-ақ төтенше жағдайларға әкелуі мүмкін шектеулі көлемде энергияның тым көп мөлшерінің жылдам босатылу процесі;
- 14) **жойылу** – сақтандыру жағдайының нәтижесінде жүкті жою немесе оны объектіні бастапқы мақсаты бойынша пайдалану мақсатында қалпына келтіру немесе жөндеу мүмкін болмайтындай дәрежеде бүліну;
- 15) **тонау** – жүкті ашық ұрлау;
- 16) **жүк** – тасымалдаушыға тиесілі емес және ол тасымалдау шартын ресімдей отырып, тасымалдауға (тасымалға) қабылдайтын тауар, мүлік, басқа да объектілер. Осы Ережелерге сәйкес жүкке багаж бен жүк-багаж да жатады;
- 17) **жүк багажы** – жолаушылар және пошта-багаж поезында тасымалдауға қабылданған тауар, мүлік, басқа да объектілер;
- 18) **диспаша** – теңіз тасымалы кезінде жалпы авария дерегін белгілейтін, диспашер жасаған және теңіз кемесінің, жүктің және фрахт иелерінің арасында залалдарды бөлу үшін қызмет ететін акт;
- 19) **диспашер** – жалпы авария бойынша шығыстарды бөлу жөніндегі есептерді жасайтын теңіз құқығы саласындағы маман (диспаша);
- 20) **тасымалдау шарты** – тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші арасындағы Келісім, оған сәйкес тасымалдаушы өзіне сеніп тапсырылған жүкті межелі пунктке жеткізуге және жүк алушыға беруге міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші жүк тасымалдағаны үшін ақы төлеуге міндеттенеді. Тиісті көлік түрінің қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген тасымалдау құжаты (көлік жүкқұжаты, коносамент және т. б.) тасымалдау шартының жасалғанын растау болып табылады;
- 21) **экспедиция шарты** – бір тарап (экспедитор) сыйақы үшін және екінші тараптың (жүк жөнелтуші, жүк алушы клиенттің немесе экспедитордың қызметіне мүдделі өзге де тұлғаның) есебінен экспедиция шартында айқындалған, жүк тасымалдауға байланысты қызметтерді орындауға немесе орындауды ұйымдастыруға, оның ішінде клиенттің атынан немесе өз атынан жүк тасымалдау шартын (шарттарын) жасасуға міндеттенетін келісім;
- 22) **жол-көлік оқиғасы (ЖКО)** – жүк тасымалдайтын автокөлік құралының жолда жүруі процесінде және оның қатысуымен туындаған, сақтандырылған жүктің бүлінуіне әкеп соққан оқиға;
- 23) **ұрлық** – жүкті жасырын жымқыру;
- 24) **көлік құралының коммерциялық жарамсыздығы** – тасымалданатын жүктің сақталуына қатер төндіретін шанақ тұтастығының бұзылуы, есіктердің, люктердің, төгу аспаптарының, бекіту-пломбалау құрылғыларының және т. б. ақаулығы;
- 25) **жүктің жетіспеуі** – жүк алушыға берілген орындардың, жүк бірлігінің немесе салмағының нақты санының олардың тасымалдау құжатында көрсетілген деректерге сәйкес келмеуі;
- 26) **жүктің толық келмеуі** – заңдарда немесе тасымалдау шартында белгіленген жеткізу мерзімі аяқталғаннан кейін Сақтандыру шартында көрсетілген межелі пунктке жүктің жеткізілмеуі. Осы Ережеге сәйкес сақтандырылған жүк жойылды деп есептеледі, егер ол жүк алушыға келесі жағдайда берілмесе:
 - ✓ **әуе, автомобиль, темір жол, ішкі су көлігімен тасымалдау кезінде** – қолданыстағы заңнамаға сәйкес есептелген жүкті жеткізу мерзімі өткеннен кейін 30 (отыз) күн ішінде;
 - ✓ **теңіз көлігімен тасымалдау кезінде, сондай-ақ аралас қатынаста тасымалдау (аралас тасымалдар) кезінде** – қолданыстағы заңнамаға сәйкес есептелген жүкті жеткізу мерзімі өткеннен кейін 60 (алпыс) күн ішінде;

- 27) **жалпы авария** – жалпы қауіпсіздік және ортақ теңіз кәсіпорнындағы мүлікті жалпы қауіптен сақтау мақсатында келтірілген, теңіз тасымалдары ережелеріне сәйкес ортақ теңіз кәсіпорны аяқталатын күні және жерде кемеңің, жүктің және фрахттың құнына мөлшерлес кеме, жүк және фрахт арасында бөлінетін залалдар және (немесе) шығыстар;
- 28) **аралас тасымалдау операторы** – аралас тасымалдауды ұйымдастыруды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;
- 29) **ауыстырып тиеу** – жүкті бір көлік құралынан екіншісіне қайта тиеусіз жүзеге асырылатын, жүкті көліктің бір түрінен екіншісіне беру;
- 30) **жүкті тасымалдау** – жүкті тасымалдау шартының негізінде жөнелту пунктінен межелі пунктке тасымалдау (орнын ауыстыру);
- 31) **қайта тиеу** – жүкті бір көлік құралынан екіншісіне ауыстыру;
- 32) **толық жоғалту (жойылу)** – Сақтанушы (Сақтандырылушы) үшін сақтандырылатын тәуекелдердің әсері нәтижесінде жүктің қайтарымсыз жоғалуы. Толық жоғалту (жойылу) деп келесі танылады:
- а) зақымдалуынан:
- ✓ жүк қалпына келтіруге жатпаса;
 - ✓ жүкті қалпына келтіруге (жөндеуге) шығындар оның құнының 80% асса (экономикалық тиімсіз);
- б) жүктің толық келмей қалуы;
- 33) **жүкті зақымдау (бүлдіру)** – жүктердің сапар жолында оның мақсатына байланысты өз қасиеттерін ішінара немесе толық жоғалтуы;
- 34) **өрт** – адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, зиян келтіретін, сондай-ақ жүкке материалдық залал келтіретін бақылаусыз жану;
- 35) **тауарлық түрінің жоғалуы** – сауда желісінде өткізуге жататын тауар ретінде жүкке тән тұтынушылық қасиеттерінің, сапаларының немесе сипаттамаларының жоғалуы;
- 36) **қарақшылық** – жүкті ұрлау мақсатында шабуыл жасалған адамның өміріне немесе денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылықпен немесе осындай зорлық-зомбылықты тікелей қолдану қатерімен ұштасқан шабуыл жасау;
- 37) **аралас тасымал** – бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (бірыңғай коносамент) бойынша екі немесе одан да көп көлік түрлерімен тасымалдау;
- 38) **табиғи апаттар** – геофизикалық (жер сілкінісі, жанартаудың атылуы, цунами), геологиялық (көшкін, сел, опырылу, көшкін, құлама шайынды), метрологиялық (9-11 баллдық дауыл, 12-15 балл дауыл, құйын, торнадо, тайфун, су тасқыны, бұршақ, найзағайдың түсуі) қауіпті табиғи құбылыстар мен табиғи өрттердің салдарынан қалыптасқан төтенше жағдайлар;
- 39) **соқтығысу** – жүк тиелген көлік құралының қозғалатын және қозғалмайтын объектілермен соқтығысуы;
- 40) **сақтандыру қорғанысы** – Сақтандырушының заңды міндеттемемен қамтамасыз етілген, Сақтандырылушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде залалдың материалдық өтемін сақтандыру төлемі нысанында беруге дайындығы;
- 41) **сақтандыру мүддесі** – жинақтаушы Сақтандыру шарты бойынша көзделуі мүмкін оқиғаларды қоспағанда, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) тәуекелдерді болғызбауға және сақтандыру жағдайының туындауына жол бермеуге мүліктік мүддесі;
- 42) **сақтандыру аумағы** – сақтандыру шартында көрсетілген, оған сақтандыру қорғанысының күші қолданылатын аумақ. Сақтандыру аумағы жүкті тасымалдау бағдарымен (оның бір бөлігімен) сәйкес келеді;
- 43) **көлік құралының техникалық ақаулығы** – жүктерді тасымалдау кезінде көлік құралын техникалық пайдалануға әсер ететін конструкциялық агрегаттардың, тораптар мен бөлшектердің сынуы, бүлінуі;

- 44) **көлік құралы** – жүкті тасымалдауға арналған көліктің жылжымалы құрамының бірлігі;
 - 45) **жоғалту** – тасымалдаушының жүкті нақты жойылуы, ұрлануы, уәкілетті емес адамға берілуі және т. б. салдарынан болған-болмағанына қарамастан, белгіленген жеткізу мерзімі өткеннен кейін межелі пунктке жеткізбеуі;
 - 46) **залал** – сақтандырылған тәуекелдердің басталуы нәтижесінде туындаған, Сақтандырылушының жүгінің жоғалуынан (жойылуынан), жетіспеуінен және (немесе) зақымдануынан (бүлінуінен) туындаған мүліктік шығындары;
 - 47) **фрахташы** – жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау үшін бір немесе бірнеше рейстерге бір немесе бірнеше көлік құралдарының сыйымдылығының барлығын немесе бір бөлігін ақы үшін кемені екінші Тарапқа (жалдаушыға) ақы үшін беретін жалдау шартының (чартердің) тарабы;
 - 48) **экспедитор** – экспедиция шартында айқындалған, жүк тасымалдауға байланысты қызметтерді орындауға немесе орындауды ұйымдастыруға, оның ішінде клиенттің атынан немесе өз атынан жүк тасымалдау шартын (шарттарын) жасасуға міндеттеме алған экспедиция шартының тарапы;
 - 49) **жымқыру** – жүктің меншік иесіне немесе өзге де иеленушісіне залал келтірген, кінәлі адамның немесе басқа да адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған, жүкті құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және (немесе) оның айналымы;
 - 50) **тасымалдаушының жүкті ұстап қалуы** – тасымалдаушының тасымалдаушыға тасымалдауға берілген жүктер мен багажды өзіне тиесілі тасымалдау төлемақысын және тасымалдау жөніндегі басқа да төлемдерді қамтамасыз ету үшін ұстап қалу құқығы;
 - 51) **тасымалдаушының жүкті өткізуі** – жүк алушы сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін (тез бүлінетін) жүкті алу жөніндегі міндеттемелерді орындаудан жалтарған жағдайда, жүк жөнелтушінің мұндай жүкті сақтау мүмкін болмаған және оның бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін болған кезде оған қалай билік ету керектігі туралы нұсқаулары болмаған кезде тасымалдаушының жүкті өткізу құқығы;
 - 52) **экспедитордың жүкке иелік етуі** – экспедитор экспедициялық қызметтер үшін алуға тиіс сыйақының төленбеуіне байланысты экспедитордың жүкті ұстап қалу құқығы;
 - 53) **ХЖТК** – халықаралық жүк тасымалы туралы келісім.
 - 54) **Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі - ұйым)** - акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі коммерциялық емес ұйым. Ұйым “Сақтандыру қызметі туралы” Заңның және сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңдарының негізінде сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері, қайта сақтандыру, бірлесіп сақтандыру, бірлескен қайта сақтандыру дерекқорын қалыптастырады және жүргізеді.
- 1.4. Сақтандырушы Сақтанушыға тиесілі жүктерді (бұдан әрі – «жүктер») сақтандыруды жүзеге асырады немесе олардың сақталуы үшін Сақтанушы/Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.
- 1.5. Жүктердің әртүрлі партияларын белгілі бір мерзім ішінде ұқсас талаптармен жүйелі сақтандыру жүктерді сақтандырудың бас шарты (бұдан әрі – «**Басты шарт**») негізінде жүзеге асырылуы мүмкін, бұл ретте жүктің әрбір партиясы бойынша Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жеке сақтандыру шарты (бұдан әрі – «**Бір тасымалдауға арналған шарт**») жасалады.

- 1.6. Бас шарт жасаспай жүкті бір тасымалдауды сақтандыру біржолғы сақтандыру шарты (бұдан әрі – «**Біржолғы шарт**») бойынша жүзеге асырылады. Ереже шеңберінде Бас Шарт, бір тасымалдауға арналған шарт және бір жолғы шарт бұдан әрі мәтін бойынша бірге «Сақтандыру шарты» деп аталады.
- 1.7. Жүктерді сақтандыру кезінде Сақтанушы жүкті сақтауға мүдделі жеке немесе заңды тұлға болып табылуы мүмкін, мысалы: жүк жөнелтуші, жүк алушы, тасымалдаушы, фрахташы, экспедитор, аралас тасымалдау операторы.
- 1.8. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жасауға міндеттенеді.
- 1.9. Сақтандырушы сақтандырылған жүкке залал келтірілген жағдайда сақтандыру сыйлықақысын төлеу шартымен сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде, сондай-ақ Сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандыру шартында және сақтандыру ережелерінде белгіленген барлық сақтандыру шарттарын орындаған кезде сақтандыру қорғанысын ұсынады.
- 1.10. Сақтанушыда, Сақтандырылушыда немесе Пайда алушыда сақтандырылған жүкті сақтауға мүдделілік болмаған кезде жасалған сақтандыру шартын сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Сақтандыру шартында аталған тәуекелдердің басталуы нәтижесінде тасымалдау тәсіліне қарамастан, жүкті иеленумен, пайдаланумен және оған билік етумен, сондай-ақ тасымалдау кезінде жүктің немесе оның бір бөлігінің жоғалуы (жойылуы), жетіспеуі және (немесе) зақымдануы (бүлінуі) салдарынан келтірілген материалдық залалды өтеумен байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.
- 2.2. Жүк және оны тасымалдау тәсілі туралы мәліметтер сақтандыруға берілген өтініште көрсетіледі және Сақтандыру шартын жасасу кезінде толықтай айтылады.
- 2.3. Сақтанушының (Сақтандырылушының) және/немесе Пайда алушының құқыққа қарсы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 3.1. Сақтандыру жағдайы – Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жасауды көздейтін оқиға. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғаның оның болу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілері болуы тиіс.
- 3.2. Сақтандыру оқиғасы – салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкелуі мүмкін оқиға. Егер сақтандырылған жүктің жоғалуы (жойылуы), жетіспеуі және (немесе) зақымдануы (бүлінуі) орын алса (жиынтықта) сақтандыру оқиғасы сақтандыру жағдайы деп танылады:
 - 1) Сақтандыру шартының әрекет ету (сақтандыру қорғанысы) мерзімінде;
 - 2) Сақтандыру аумағында;
 - 3) Сақтандыру шартында аталған сақтандырылған тәуекелдер орын алуы салдарынан.
- 3.3. Жүктерді сақтандыру шарты келесі стандартты шарттардың негізінде жасалуы мүмкін:

Сақтандыру шарттары	Жүкке тиген залалдың түрі	Сақтандыру тәуекелдері
(A) all transport risks	Жоғалуы (жойылуы), жетіспеуі, зақымдануы (бүлінуі)	1) табиғи апаттар. 2) өрт, жарылыс. 3) авария, соқтығысу. 4) көпірлердің, тоннельдердің құлауы. 5) ұрлық, тонау, қарақшылық, вандализм. 6) кемеңің қайраңға отыруы, жағалауға шағарылуы, кемеңің аударылуы. 7) жүктің борт сыртына апаттық тасталуы немесе жүктің борт сыртына шайылуы.
(B) limited coverage of transport risks	Жоғалуы (жойылуы), зақымдануы (бүлінуі)	1) табиғи апаттар. 2) өрт, жарылыс. 3) авариялар, соқтығысу. 4) көпірлердің, тоннельдердің құлауы. 5) кемеңің қайраңға отыруы, жағалауға шығарылуы, кемеңің аударылуы. 6) жүктің борт сыртына апаттық тасталуы немесе жүктің борт сыртына шайылуы. 7) авария нәтижесінде жүктің портқа түсірілуі. 8) жүкті борт сыртына апаттық тастауға немесе жүктің борт сыртына шайылуы.
(C) minimum coverage of transport risks	Жоғалуы (жойылуы)	1) табиғи апаттар. 2) өрт, жарылыс. 3) апат, соқтығысу. 4) көпірлердің, тоннельдердің құлауы. 5) Жүктің сақтандыру шартында көрсетілген межесіне толықтай келмеуі. 6) кемеңің қайраңға отыруы, жағалауға шығарылуы, кемеңің аударылуы. 7) жүкті борт сыртына апаттық тасталуы немесе жүктің борт сыртына шайылуы.

3.4. Сақтандыру шарты Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында келісілген, заңнамаға қайшы келмейтін өзге де шарттарда жасалуы мүмкін.

3.5. Егер сақтандыру шартымен өзге жағдай көзделмесе, келесілер өтелуге жатады:

- ✓ Жалпы апат бойынша шығындар мен жарналар;
- ✓ Сақтанушымен (Сақтандырылушымен, Пайда алушымен) жүкті құтқару немесе шығынды азайту мақсатында жасалған барлық қажетті және мақсатты шығындар.

3.6. Сақтандыру оқиғасын Сақтанушының (Сақтандырылушының) өтініші бойынша сақтандыру жағдайы деп танығанда олармен жүкке келтірілген залалдың себебін және мөлшерін анықтау бойынша жасалған шығындары өтеледі, егер бұл Сақтандыру шартымен тікелей көзделсе.

3.7. Сақтандырушымен келісім бойынша, қосымша сақтандыру сыйлықақысы төленген жағдайда, жүк жөнелтушіге тиесілі емес қоймадағы жөнелту пунктінде және (немесе) межелі пунктінде жүк алушыға берілгенге дейін тасымалдаушыға берілгенге дейін оны сақтау уақытына сақтандырылуы мүмкін. Бұл ретте, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, жүктің барлығының немесе бір бөлігінің жоғалуы (жойылуы), жетіспеуі, зақымдануы (бүлінуі) сақтандыру жағдайына жатады:

- ✓ Табиғи апаттар;

- ✓ Өрт, жарылыс;
 - ✓ Тиеу-түсіру жұмыстар өндірісіндегі және қойма жұмыстарындағы бұзушылықтар;
 - ✓ ұрлық, тонау, қарақшылық;
 - ✓ су құбыры, жылыту немесе кәріз жүйелерінің апаты кезінде, сондай-ақ өрт сөндіру салдарынан жер асты суларының, судың басуы.
- 3.8. Тасымалдаудың ерекше температуралық режимін талап ететін жүкті тасымалдау үшін қолданылатын көлік құралы жүк бөлігінде ауа температурасын автоматты тіркеу құралымен (терморегистратор) жарақтандырылған жағдайда, жүкті Сақтандырушымен келісім бойынша Ережелердің (А) талаптарына сәйкес сақтандыру кезінде жүк рефрижераторлық (тоңазытқыш) қондырғы бұзылған жағдайда, сондай-ақ көлік құралының тасымалдаудың осындай сипаттамаларына сәйкестігі туралы куәлік, халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат туралы куәлік, тиісті рұқсат карточкалары және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру үшін заңнаманың талаптарына сәйкес болуы міндетті өзге де құжаттар болған кездесактандырылуы мүмкін.
- 3.9. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жүктеледі.

4. САҚТАНДЫРУҒА ЖАТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 4.1. Келесілердің нәтижесінде орын алған жүктің толық көлемде немесе ішінара жойылуы (жоғалуы), жетіспеуі және (немесе) зақымдалуы (бүлінуі) сақтандыру жағдайына жатпайды:
- 1) Мемлекеттік органдардың өкімі бойынша алып қою, тәркілеу, реквизициялау, тыйым салу, жүріп-тұруға, ұстауға немесе жоюға тыйым салу;
 - 2) ірілендірілген жүк орындарын қалыптастыруға қойылатын талаптарды және жүктерді тасымалдау ережелерін, жүкті тиеу мен бекітудің техникалық нормаларын (шарттарын), жүкті көлік құралына тиеуді, орналастыруды және бекітуді регламенттейтін басқа да нормативтік құжаттарды бұзу;
 - 3) жүктің тиісінше буып-түйілмеуі (тығындалуы) (мемлекеттік немесе салалық стандарттарды бұза отырып) немесе жүктің сақталуын (жүкке сәйкес келмеуі) қамтамасыз етпейтін буып-түйілу, сондай-ақ ыдыста немесе көлік құралында тиісті манипуляциялық белгілер болмаған кезде;
 - 4) жүкті зақымдалған күйде жөнелту;
 - 5) осы жүкті тасымалдау үшін көлік құралының оның сақталуын (тасымалданатын жүкке сәйкес келмеуі) қамтамасыз етпейтін жарамсыздығы, жүк тиелгенге дейінгі көлік құралының немесе көтергіш-көлік жабдығының ақаулары, кеменің теңгерімсіздігі және т. б.;
 - 6) тасымалдау маршрутын жол және өзге де қатысы бар қызметтермен келіспеген кезде габаритті емес және (немесе) ауыр салмақты жүкті тасымалдау; инфрақұрылым элементтерінің габариттері мен салмағының өткізу сипаттамаларына сәйкес келмеуі: осындай жүкті тасымалдау үшін көзделмеген көлік құралын пайдалану;
 - 7) Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің хабардар болуымен, бірақ қауіпті жүктердің Сақтандырушысын хабардар етпестен сақтандырылған жүкпен бірге тиеу (сақтау) кезінде;
 - 8) жүктің салмақтық кем шығуын немесе өзінің тұтынушылық қасиеттерінің жоғалуын туғызған ерекше табиғи қасиеттері;
 - 9) температура мен ылғалдылықтың, тоттанудың, тотығудың, түс өзгеруінің әсері;

- 10) жүктің өз салмағымен деформациялануы, өндірістік ақаулар немесе дефектілер;
- 11) кемеңің сулануы, кемеге теңіз, көл немесе өзен, жаңбыр суының ағуы;
- 12) лихтерлерде, баржаларда және басқа да су асты қосалқы құралдарда тасымалдау кезінде, бірақ осындай құралдарды қолдану жергілікті жағдай үшін әдеттегідей болатын жағдайдан басқа;
- 13) жүкті жеткізу мерзімін өткізіп алу және оның салдары (жүкті бүлдіру, құндылығын жоғалту, құнын төмендету және т. б.);
- 14) зең және басқа микроорганизмдердің, құрттардың, кеміргіштердің, құстар мен жәндіктердің әсері;
- 15) жүк тиелген көлік құралын сүйрету кезінде;
- 16) тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу және жүру жолында уақытша сақтау технологиясының бұзылуы.
- 17) Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілмеген оқиғалар (залал келтіру себептері, тәуекелдер).

4.2. Ережелерге сәйкес келесілер өтелмейді:

- 1) Жүктің жетіспеуінен туындаған залал:
 - ✓ Егер жолда жүкке қол жеткізу белгілері болмаған кезде;
 - ✓ кедендік бақылауды жүзеге асырғаннан кейін жүк жөнелтушінің пломбасының орнына салынған жүк жөнелтушінің пломбалары немесе кеден органдарының пломбалары бұзылмаған жарамды көлікпен келген көлік құралында пломбаларды ашу (ілу, қолдан жасау) іздерінің бар-жоғын тіркейтін сараптама (зерттеу) нәтижелері болмаған кезде;
 - ✓ жүк орындарында сыртқы қаптаманың тұтастығы кезінде.
- 2) қаржылық шығындар, оның ішінде жүкті жеткізу мерзімін өткізіп алу салдарынан болған шығындар (кез келген тұрақсыздық айыбы, жіберіп алған пайда, өндірістегі үзілістен болған шығындар, жүктің арзандауы немесе құнсыздануы, бағамдық айырма және т. б.);
- 3) 3) Табиғи кемудің, ұрылудың (сынудың), массаны өлшеу қателігінің белгіленген нормаларынан аспайтын залал;
- 4) көлік құралы иелерінің, кеме жалдаушылардың, экспедиторлардың немесе операторлардың өздерінің ақшалай міндеттемелерін төлем қабілетсіздігінен немесе орындамауынан келтірілген залал;
- 5) тасымалдаушының жүкті ұстап қалуы, тасымалдаушының (экспедитордың) жүкті өткізуі нәтижесінде пайда болған жүк жоғалған жағдайда жүктің барлық немесе бір бөлігінің құны;
- 6) моральдық зиян, іскерлік беделге нұқсан, жанама залал;
- 7) сот шығыстары.

4.3. Сақтандыру ережелері мен шарттарының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы деп танылмайды және сақтандыру аумағынан тыс жерде болған оқиғалар нәтижесінде келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі сақтандыру қорғаудың қолданысы басталғанға дейін немесе аяқталғаннан кейін жүзеге асырылмайды.

4.4. Егер сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе, келесілердің салдарынан жүкке залал келтіру сақтандыру жағдайына жатпайды:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті уланудың әсері;
- 2) соғыс қимылдарының немесе әскери іс-шаралардың және олардың зардаптарының, әскери құрал-саймандардың жойылуы немесе бүлінуі кезінде;
- 3) террористік актілер, диверсиялық әрекет;
- 4) азамат соғысы, түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;

- 5) қарақшылық іс-әрекеттер (күш қолданып не оны қолданамын деп қорқытып жасалған, бөтеннің мүлкін иемдену мақсатында теңіз немесе өзен кемесіне шабуыл жасау);
 - 6) тауарлық түрін жоғалту.
- 4.5. Сақтандырушы келесілерді өтемейді (оның ішінде сақтандыру жағдайынан туындаған):
- 1) сақтандыру жағдайымен және оны дәлелдеумен байланысты істерді кез келген уәкілетті органдарда жүргізуге арналған шығыстар (пошта, ксерокөшірме, нотариалдық куәландыру, сараптама; адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметтері және т. б.);
 - 2) зақымданған сақтандырылған жүкті қалпына келтіру кезінде жақсарту және жаңғырту жөніндегі шығыстар;
 - 3) үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу жөніндегі шығыстар;
 - 4) күтпеген шығыстардың тәуекелдері;
 - 5) коммерциялық және кепілдік тәуекелі, шарттық міндеттемелерді орындамау.
 - 6) әкімшілік айыппұлдар, мемлекеттік баждар, алымдар және т. б.
- 4.6. Сақтандырушы келесі шығындар үшін жауапты болмайды:
- 1) Сақтандыру сомасының мөлшерінен асатын (Сақтандырушы жауапкершілігінің шегі);
 - 2) Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде аталмаған.
- 4.7. Егер Сақтандыру шартымен өзге жағдай көзделмесе, сақтандыруға келесілер жатпайды:
- 1) Бағалы жүктер (бағалы металдар, зергерлік бұйымдар, өнер заттары, коллекциялар және т. б.);
 - 2) транспланттауға арналған органдар, донорлық қан және т.б.;
 - 3) бағалы қағаздар, банкноттар, лотерея билеттері және т.б.;
 - 4) бағдарламалық жасақтама, ақпараты басылған электрондық жеткізгіштер және т. б.;
 - 5) өсімдіктер, жануарлар.
- 4.8. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы, егер сақтандыру жағдайы келесінің салдарынан орын алса:
- 1) қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының (Сақтандырылушының) және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттерінен;
 - 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) және (немесе) Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінен.
- 4.9. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға құқылы, егер:
- 1) шыныдан, фарфордан, фаянстан, керамикадан, мәрмәрден және олардан жасалған бұйымдардың, сондай-ақ ұрылуға және сыныға бейім басқа да жүктің соғылуы мен сынуы көлік құралымен немесе қозғалмайтын объектімен соқтығысу, авария, бұрылу, жол жүру, өрт, жарылыс, табиғи апат, тиеу-түсіру жұмыстары кезінде құлау, ұрлық, тонау, жымқыру нәтижесінде болмаған болса;
 - 2) жарықшақтар, сызаттар, ойықтар және басқа да механикалық зақымдар көлік құралымен немесе қозғалмайтын объектімен соқтығысу, авария, бұрылу, жол жүру, өрт, жарылыс, табиғи апат, жол жүру барысында тиеу-түсіру жұмыстары кезінде құлау, ұрлық, тонау, жымқыру нәтижесінде болмаған болса. Бұл шарт келесі жүктерге қолданылады:

- ✓ қапталмаған немесе қатты ыдысқа салынбаған (ағаш, металл, қатты пластик);
 - ✓ зауыттық емес қаптамадағы жүктер;
 - ✓ будалармен, пакеттермен, байламдармен тасымалданатын жүктер;
 - ✓ жеке ыдыссыз полиэтилен пленка астындағы паллеттердегі жүктер;
 - ✓ автомобильдер, катерлер, арнайы техника және өзге де көлік құралдары;
 - ✓ бұрын пайдалануда болған жүктер.
- 3) жүктің бүлінуі оны басқа жүктермен бір көлік құралында тасымалдау салдарынан болған, көлік құралымен немесе қозғалмайтын объектімен соқтығысу, авария, бұрылу, жол жүру, өрт, жарылыс, табиғи апат, жол жүру барысында тиеу-түсіру жұмыстары кезінде құлау, ұрлық, тонау, жымқыру нәтижесінде болмаған болса.
- 4.10. Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) шығындарды азайту, сақтандырылған жүкті құтқару және сақтау үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған шығындар бөлігінде сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.
- 4.11. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуы үшін келесілер негіз бола алады:
- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
 - 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Сақтандыру шартында белгіленген міндеттемелер мен талаптарды орындамауы;
 - 3) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің өзгеруі туралы хабарламау;
 - 4) сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) салдары сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) Сақтандырушыны дәлелді себеппен хабардар етуге мүмкіндігі болмаған және оны құжатпен растаған жағдайлар ерекше жағдай болуы мүмкін;
 - 5) Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруде және оған келтірілген залалдың мөлшерін белгілеуде кедергі келтіруі;
 - 6) сақтандыру жағдайының сақтандыру аумағының шегінен тыс жерде және (немесе) сақтандыру қорғанысы қолданылатын кезеңнен тыс жерде басталуы;
 - 7) егер Сақтанушы залал келтіруге кінәлі тұлғадан тиісті өтемді алса;
 - 8) егер сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шарты күшіне енбесе;
 - 9) Сақтанушы Ережелердің 12-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайының басталу дерегін және жүкке келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда;
 - 10) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы;
 - 11) тасымалдаушының жүкті ұстап қалуы, тасымалдаушының (экспедитордың) жүкті өткізуі нәтижесінде туындаған жүкті жоғалту сақтандыру жағдайы болып табылмайды;

- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сақтандыру ережелерімен және Сақтандыру шартымен көзделген басқа да жағдайлар.
- 4.12. Сақтандырушыны Сақтанушының заңсыз іс-әрекеттері себептері бойынша оның алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босату бір мезгілде Сақтандырушыны Сақтандырылушыға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жасаудан босатады.
- 4.13. Егер Сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) толық көлемде төлемеген жағдайда Сақтандырушының осындай Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жасау жөніндегі міндеттемелері басталған жоқ деп есептеледі және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасамау құқығына ие болады.
- 4.14. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларынан өзге ерекшеліктер және (немесе) сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту үшін негіздер көзделуі мүмкін.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. ФРАНШИЗА

- 5.1. Сақтандыру сомасы – жүк сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.
- 5.2. Сақтандыру сомасы тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартында белгіленеді және жүктің сақтандыру құнынан аспауға тиіс.
- 5.3. Жүктің сақтандыру құны – сатып алу-сату шарты немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормаларына сәйкес жүкті иелену, пайдалану, оған билік ету құқығының туындауына әкеп соғатын өзге де құжат негізінде айқындалатын, Сақтандыру шартын жасасу кезіндегі жүктің нақты құны. Жүктің нақты құны жөнелту пунктіндегі (тасымалдау басталғанға дейінгі) оның құнына тең.
- 5.4. Егер Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы жүктің сақтандыру құнынан асып кетсе, Сақтандыру шарты Сақтандыру шарты жасалған кездегі жүктің сақтандыру құнынан асатын сақтандыру сомасының бөлігінде жарамсыз болып табылады.
- 5.5. Франшиза – сақтандыру талаптарында көзделген Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату. Шегерім сақтандыру сомасына пайызбен де, абсолютті мөлшерде де белгіленуі мүмкін.
- 5.6. Сақтандыру шартын жасасу кезінде шартты (шегерілмейтін) немесе шартсыз (шегерілетін) франшиза қолданылуы мүмкін.
- 5.7. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан көп болса, залалды толық өтеуге тиіс.
- 5.8. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген сома шегеріле отырып өтеледі.
- 5.9. Қолданылатын франшизаның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартымен белгіленеді.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

- 6.1. Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысының Пайда алушыға Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жасау міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.
- 6.2. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін Сақтандырушы жүктің түріне, тасымалдау түріне, сақтандыру тәуекелдерінің жиынтығына, Сақтандыру шартының аумағы мен қолданылу мерзіміне және т. б. байланысты бекітілген сақтандыру тарифінің негізінде айқындайды.

- 6.3. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төлейді.
- 6.4. Сақтандыру сыйлықақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда шетелдік валютада (валюталық баламада) төленуі мүмкін.
- 6.5. Сақтандыру сыйлықақысы бір рет немесе бөліп-бөліп, қолма-қол емес төлеммен немесе қолма-қол ақшамен (заңнама талаптарын сақтай отырып) төленеді.
- 6.6. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері сақтандыру шартында белгіленеді.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Шарт Сақтанушы толтырған, оның ажырамас бөлігі болып табылатын сақтандыруға арналған өтініш негізінде жасалады. Сақтандырушы өтініш форматын өзгертуге құқылы. Өтініште Сақтанушы Сақтандырушы қойған мәселелерге сәйкес нақты және толық мәліметтерді көрсетуге міндетті. Сақтанушы өтініште жалған мәліметтерді көрсеткен кезде Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
- 7.2. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін шығындардың мөлшерін анықтау үшін елеулі мәні бар барлық белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті, егер бұл мән-жайлар Сақтандырушыға белгілі болмаса және белгілі болмауға тиіс болса.
- 7.3. Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру тәуекелін сипаттайтын қосымша құжаттарды (мәліметтерді) талап етуі мүмкін.
- 7.4. Сақтанушы сақтандыруға берілген өтініште заңдарда көзделген мәліметтерді, жүк және оны тасымалдау шарттары туралы нақты және толық мәліметтерді, сондай-ақ сақтандыру тәуекелінің дәрежесін айқындау үшін елеулі мәні бар өзге де ақпаратты көрсетуге міндетті, оның ішінде:
 - 1) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), мекенжайы және ЖСН (егер ол жеке тұлға болып табылса); Сақтанушының атауы, орналасқан жері, БСН және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болып табылса), резиденттік және экономика секторының белгісі;
 - 2) Сақтанушының қызметі туралы мәліметтер;
 - 3) жүк туралы деректер (атауы, саны (массасы, көлемі), буып-түю түрі, ерекше қасиеттері, тасымалдау мен сақтаудың ерекше шарттары);
 - 4) көліктің түрі және тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралының түрі туралы мәліметтер;
 - 5) тасымалдау бағдары (жөнелту, қайта тиеу, ауыстырып тиеу, уақытша сақтау, межелі пункттері) туралы мәліметтер;
 - 6) сақтандыру тәуекелдерінің тізбесі;
 - 7) сақтандыру ережелері мен мерзімі;
 - 8) жүктің құны және тасымалдауды ұйымдастыруға арналған шығыстардың мөлшері (егер олар сақтандыруға жатса), сақтандыру сомасының мөлшері;
 - 9) Сақтандыру шартын жасасу алдындағы 3 (үш) жылдан кем емес кезеңдегі осы жүкті тасымалдау кезіндегі шығындар туралы мәліметтер;
 - 10) Егер Сақтандырылушы тұлға және Пайда алушы сақтандыру қатынастарының қатысушылары болып табылса (тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы, ЖСН немесе БСН, резиденттік және экономика секторының белгісі) олар туралы мәліметтер;
 - 11) Сақтандырушы сұратқан басқа да ақпарат.

- 7.5. Сақтанушы Сақтандырушыға берілетін ақпараттың анықтығы мен дұрыстығы үшін жауапты болады.
- 7.6. Сақтанушы қол қойған сақтандыруға өтініш Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
- 7.7. Сақтандырушы (оның өкілі) Сақтандыру шартын жасасу кезінде жүктің жай-күйін және Сақтанушы жүкті сақтандыру туралы өтініште берген мәліметтердің тасымалдау құжатында көрсетілген мәліметтерге сәйкестігін тексеруге құқылы.
- 7.8. Сақтандырушы Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасасудан бас тарту себептерін түсіндірместен бас тартуға құқылы.
- 7.9. Сақтандыру шарты жазбаша түрде жасалады.
- 7.10. Сақтандыру шарты жүкті жүк алушыға беру сәтіне дейін сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімімен жүкті бір тасымалдауды сақтандыруға да, сондай-ақ Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында келісілген уақыт кезеңіне сақтандыру қорғанысын ұсына отырып, тасымалданатын жүктің барлық көлемін сақтандыруға да жасалуы мүмкін.
- 7.11. Ережелерге сәйкес:
- 1) жүкті нақты тасымалдауды сақтандыру кезінде Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) ресімделеді;
 - 2) тасымалданатын жүктің белгілі бір көлемін Тараптар келіскен мерзімге сақтандыру кезінде Сақтанушы жүктің әрбір тасымалына декларация бере отырып, Сақтандыру шарты ресімделеді;
 - 3) Тараптар келіскен мерзім ішінде ұқсас талаптармен жүктердің әртүрлі партияларының белгіленбеген көлемін сақтандыру кезінде тасымалданатын жүктің әрбір партиясына Сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) ресімдей отырып, жүктерді ерікті сақтандырудың бас шарты (бұдан әрі – Басты шарт) ресімделеді. Сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) мазмұны Басты шартқа сәйкес келмеген жағдайда Сақтандыру шартына (сақтандыру полисіне) басымдық беріледі.
- 7.12. Сақтандыру шартында көрсетілуге тиіс талаптардың толық еместігі үшін Сақтандырушы жауапты болады. Сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауына байланысты дау туындаған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.
- 7.13. Сақтандыру шартына (сақтандыру полисін қоспағанда) өзгерістер мен толықтырулар енгізу Бас шарт талаптардың бірінің екінші Тараптың өтінішті қабылдағанын растауға мүмкіндік беретін кез келген тәсілмен жіберілген өтініші негізінде, оның ішінде электрондық пошта арқылы, қосымша келісім жасасу жолымен жүргізіледі.
- 7.14. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде оған телнұсқа беруге міндетті.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

- 8.1. Егер Сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе, жүкті жөнелту пунктінен межелі пунктіне дейін, қайта тиеу (ауыстырып тиеу) терминалдарының және жүру жолындағы жүкті уақытша сақтау қоймаларының аумағын қоса алғанда, тасымалдау аумағы (маршруты) сақтандыру аумағы болып табылады.
- 8.2. Тасымалдау аумағы (маршруты) өзгерген кезде сақтандырушымен алдын ала жазбаша келісімінсіз сақтандыру шартының қолданылуы сақтандыру шартында көзделмеген аумақта (маршрутта) тоқтатылады.
- 8.3. Егер сақтандыру талаптарында өзге жағдай көзделмесе, Сақтандыру шарты жөнелту пунктінен межелі пунктіне дейін жүкті тасымалдау мерзіміне жасалады.
- 8.4. Басты шарт 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімге жасалады.
- 8.5. Басты шарт, сақтандыру шарты қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

- 8.6. Егер сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру қорғанысы Сақтандырушының шотына сақтандыру сыйлықақысы түскен күннен кейінгі күннен басталады (оны бөліп төлеу кезінде – бірінші сақтандыру жарнасы), бірақ Сақтандыру шартында көрсетілген жөнелту пунктінен жүкті тасымалдауға қабылдаудан (беруден) ерте емес және жүкті қайта тиеу (ауыстырып тиеу), уақытша сақтау пункттерінде терминалдық өңдеуді қоса алғанда, бүкіл тасымалдау бойы қолданылады.
- 8.7. Сақтандыру қорғанысының қолданылуы, егер бұрын мынадай оқиғалардың бірі болмаса, сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталуымен бір мезгілде тоқтатылады:
- ✓ Жүк алушыға жүкті табыстау;
 - ✓ Жүк алушыға жүктің межелі орнына келгені туралы хабарлаудан кейін 5 (бес) күнтізбелік күн өтсе;
 - ✓ Сақтандыру шатымен сақтандыру қорғанысының әрекеті аяқталды деп белгіленген басқа оқиға.
- 8.8. Жол жүру барысында жүкті уақытша сақтау кезінде, егер Сақтандыру шартымен өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру қорғанысы уақытша сақтау орнына келген күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұсынылады.
- 8.9. Сақтандыру шартының әрекеті келесі жағдайларда тоқтатылады:
- 1) әрекет ету мерзімі аяқталса;
 - 2) Сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру төлемі жасалғанда;
 - 3) Мерзімінен бұрын тоқтатылғанда.
- 8.10. Сақтандыру шарты келесі жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
- 1) сақтандыру объектісі әрекет етуін тоқтатқан кезде;
 - 2) егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, Сақтанушы сақтандыру объектісін иеліктен шығарған жағдайларда;
 - 3) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылған және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзгеше мән-жайлар бойынша тоқтатылған кезде;
 - 4) Сақтандыру шартына (сақтандыру полисі) енгізілген талаптар мен мәліметтердің өзгеруі;
 - 5) заңнамада көзделген жағдайларда тоқтатылады.
- Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты оны тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі Тарап екінші Тарапты дереу хабардар етуге тиіс.
- 8.11. Тараптардың әрқайсысының Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар. Бастамашы тарап Сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы болжамды тоқтату күніне дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын екіншісін хабардар етуге міндетті.
- 8.12. Сақтандыру шарты тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде оған екі тарап қол қоя отырып, мерзімінен бұрын тоқтату туралы Қосымша келісім ресімделеді.
- 8.13. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, ол осы тараудың 8.10-тармағында санамаланған негіздер бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін шарттың қолданылу мерзіміне барабар алуға құқығы бар.
- 8.14. Егер Сақтандыру шарты ол бойынша сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін мерзімінен бұрын тоқтатылса, сақтандыру сыйлықақысы (оның бір бөлігі) қайтарылуға жатпайды.
- 8.15. Сақтандыру сыйлықақысын (бөлігін) қайтару Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап 10 (он) банктік күн ішінде біржолғы төлеммен жүргізіледі.

- 8.16. Сақтанушы-жеке тұлға Сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, Сақтандырушы ол жасалған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) он пайызынан аспайтын сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру сыйлықақыларының) бір бөлігін шегергенде сақтандыру қолданылған уақытқа және сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығындарға барабар мөлшерде Сақтанушы-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.
- 8.17. Сақтанушы Сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.
- 8.18. Сақтанушының бастамасы бойынша Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған (Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартқан) кезде Сақтандырушы құқылы:
- ✓ Кез келген төленген сақтандыру жарналарын немесе сақтандыру сыйлықақысын қайтармауға;
 - ✓ төлем сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға жататын соманың 25%-на дейін шегере отырып, сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталмаған мерзіміне пропорционалды түрде қайтаруға.
- 8.19. Сақтанушының бастамасы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу талаптары Сақтандыру шартымен айқындалады.
- 8.20. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.
- 8.21. Сақтандыру шарты заңнамада көзделген жалпы негіздерден басқа, Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасу кезінде заңсыз пайда алу мақсатын, оның ішінде оны сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін жасасуды көрінеу көздеген жағдайда жарамсыз деп танылады.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы берген ақпаратты тексеруге, жүкке арналған құжаттармен танысуға, сақтандырылатын жүкті қарап-тексеруді жүргізуге және оны көлік құралына тиеу және көлік құралынан түсіру кезінде қатысуға;
- 2) Сақтандыру шартын жасасудан себептерін түсіндірместен бас тартуға;
- 3) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру тәуекелінің жай-күйін, оның Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы берген мәліметтерге сәйкестігін тексеруге;
- 4) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі ұлғайған кезде Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және (немесе) тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
- 5) сақтандырылған жүкті құтқаруға және сақтауға қатысуға. Алайда Сақтандырушының немесе оның өкілдерінің мұндай іс-әрекеттері Сақтанушының сақтандыру төлемін алу құқығын тану үшін негіз болып табылмайды;
- 6) сақтандыру оқиғасын (жағдайын) тексеруге қатысуға;
